

**ЖАЗ МЕЗГІЛІНЕ
АРНАЛҒАН
ЕРТЕ ЖАС ТОП
СЕРУЕН
КАРТОТЕКАСЫ**





Картотека №1

Бақылау: Ауладағы қыдырып жүрген мысыққа бақылау жасау.

Еңбек. Аула сыйырушыға көмектесу.

Жеке жұмыс. Балалармен мысық туралы өлең жаттау.

Ойға батыш мысық
Мысық сүтке тойды
Отыр көзін қысып
Көзін қысып қойды
Әндегіп бір бағу
Әндегіп бір бағу
Дейді мияу, мияу, мияу.

Қымылды ойындар: «Тышқан мен мысық» «Кім тез жетеді?»

Мақсаты: Шашшандыққа тәрбиелеу.

Көркем сөз: Бала мысық батыл-ақ,
Тышқан ұстау талабы.
Сылдыр етсе жапырак,
Дерсү бұға қалады.



Картотека №2

Бақылау: Балабақша ауласының тазалығын бақылау.

Мақсаты: тазалыққа, әсемдікке баулу. Еңбек сүйгіштікке, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Еңбек. Телімдегі қағаз және ағаш қалдықтарын жинастыру.

Жеке жұмыс: 1-2 балаға балабақша туралы өлеңдерін

қайталату, әңгімелету.

Қимылды ойындар: «Кім шапшан?» «Ұтып ал»

Мақсаты: Икемділікке баулу.

Көркем сез. «Тазалық-денсаулық кепілі».(мақал)



Картотека №3

Бақылау: Ауа – райын бақылау.

Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді аңғаруға және айтуға үйрету. Желдің бағытын қалай білу керектігін түсіндіру. Өз ойларын толық жеткізе білуге жұмыстану.

Қымылды ойындар: «Кім өз жалаушасына тез жетеді?»

«Күйспак»

Мақсаты: Икемділікке баулу.

Жеке жұмыс: Жұмбақ жаттау

Бар ма, жоқ па оны анық білмейсің,

Еңбек: Телімдегі гүлдерге су құю.

Көркем сөз: Жаңбыр, жаңбыр жау – жау,

Көк беленді сай – сай.



Картотека №4

Бақылау: Жаңбырдың жауғанын бақылату

Мақсаты: Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру. Оның табиғатқа тигізег пайдасын білдіру. Жерге сінуін көсету. Ақ жауын ба, несер ме? Айыра білуге баулу.

Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр», «Жасырынбак»

Мақсаты: Икемділікке баулу.

Жеке жұмыс: Жұмбақ шепту

Көтеріліп тенізден, аспанға биік барамын.

Биіктен қайта түскенде, өңі кірер даланың.

Еңбек. Телімдегі қағаз, қоқыстарды жинау

Көркем сөз: Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.

Арық суы мол болсын.

Өсімдіктер көп болсын.

Жауған жерің шеп болсын



Картотека №5

Бақылау: Ағаштың жапырақтарын салыстыра бақылау.

Мақсаты: Ағаштардың түрлеріне қарай жапырақтарының да әртүрлі болатындығын көрсету. Ақжайың ағашының жапырағымен таныстыру. Оны емен ағашының жапырағымен салыстыра отырып, айырмашылықтарын айтуда үйрету. Ағаштың пайдасы туралы өз ойларын жеткізе білуге баулу.

Қимылды ойын: «Шенберге дәл тусір» «Өз ағашынды тап»

Мақсаты: Дене қимылдарын дамыту.

Жеке жұмыс. 3 – 4 баламен маршпен дұрыс жүруді үйрету

Еңбек. Телімдегі бұтақтарды жинау.

Көркем сөз. Жапырақтар, жапырақтар.

Күз болғанда сарғаяды.

Ал қазір түр алдымында,

Жап-жасыл боп болуы



Картотека №6

Бақылау: Құстарға бақылау жасау.

Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру.

Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту.

Құстар біздің досымыз, құстар қалықтаң тәбемізде ұшып жур айналаны бағдарлап бақылау.

Еңбек: Құстарға жем шашу, наан қиқымын салу.

Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қою.

Жеке жұмыс: 2 – 3 балага асфальт үстіне сурет салдыру.

Қимылды ойындар: «Көкек», «Өз орынды тап»

Мақсаты: Ештілікке баулу.

Көркем сөз: Сауысқан – қорқақ құс,

Көкек – мақтаншақ құс.

Бұлбұл - әнші құс,

Көгершін – бейбітшілік құсы.



Картотека №7

Бақылау: Бақбақ гүліне бақылау жасау.

Мақсаты: Гүлзарда өсіп тұрған бақбақ гүлінің жапырағын, гүлін қарап басқа гүлден өзгешелігін ажыратып айта білуге үйрету. Гүлдер ауламызды көрктендіріп тұрғанын айту әнгімеледеу.

Қымылды ойындар: «Гарышкерлер мектебі»

Мақсаты: Дене қымылдарын дамыту.

Жеке жұмыс: 2-3 балаға бақ-бақ гүлінің емдік қасиеті туралы мәлімет беру.

Еңбек: гүлдерге су құю, тұттерін қопсыту.

Жұмбақ жасыру: Қырға кілем жайдым. (қызғалдак)

Тал басында тамаша үй. (ұя)

Допты шенберге түсіруге үйрету.

Колдарына ұстап тұрған доптарын жеке-жеке шенберге дәлдеп түсіру



Картотека №8

Бақылау: Бағдаршамды бақылау.

Мәссаңы: Бағдаршамның шамдарын түстеріне қарай ажыратып білуге, әр түстің берілетін белгісімен жолда журу ережесін сақтауға үйрету. Жасыл тұс-жаяу адам жүретін белгі екенін, қызыл тұс-көліктер жүретін белгі, қызғылт сасы-әзірленуге арналған белгі екенін үйрету.

Қимылды ойындар: «Күн мен түн» «Өз орнынды таш»

Мәссаңы: Ептілікке баулу.

Жеке жұмыс. Тіл дамыту жаттығуларын қайталату.

Еңбек. Сынған ағаш қалдықтарын жинау

Көркем сез. Дәңгелекті жалауға дейін айналдырып бар.



Картотека №9

Бақылау: Жаңбырды бақылау.

Мақсаты: Жаңбырдың жауғанын бақылату арқылы жерге түскен су тамшыларының оған сіңіп кетуінің мәнісін түсіндіру, жаңбырдың пайдасын білгізу.

Қимылды ойындар: «Күн мен жаңбыр»«Дауысынан таны»

Мақсаты: Елтілікке, шашшандыққа үйрету.

Жеке жұмыс: 2-3 балаға жаңбырлы күннің суретін салуды үйрету.

Еңбек. Аула сыйырушыға көмектесу.

Жұмбак жасыру. Көтеріліп тенізден,
Аспанға биік барамын.
Биіктен қайта түскенде
Өнді кірер даланың (жаңбыр)



Картотека №10

Бақылау: Күннің көзін бақылау.

Мәссағаты: Балаларға күннің өлі табиғатқа жататындығын түсіндіре отырыш, оның қоршаған ортаға тигізер пайдасын түсіндіру. Оның таңда қай жақтан атыш, кешкे қай жақта бататынын бақылату.

Кімділді ойындар: «Күн мен тұн» «Ақ серек, көк серек»

Мәссағаты: Ештілікке баулу.

Жеке жұмыс: Балаларға жапырақтардан күнді кұрастыруды үйрету.

Еңбек: Телімді сыйыру, артық заттарды жинастыру.

Көркем сөз: Жұмбақ жасыру.

Жұрттың бері, оны сүйеді,

Бірақ қарағызы келмейді. (күн)



Картотека №11

Бақылау: Табигатты өзгерістерді бақылау (жел, салқын, жаңбыр, т.б.)

Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді аңғарыш айта білуге баулу. Олардың жыл мезгіліне байланысты өзгеріп отыратынын білгізу.

Қимылды ойындар: «Шенберге дәл түсір», «Тышқан мен мысық»

Мақсаты: Ешілкке, шашшандыққа үйрету.
Жеке жұмыс. Өздерінің билетін тақпақтарын жатқа айтқызу.

Еңбек: Ойын аланымызды жинастыру.

Көркем сез: Жыл мезгілдері туралы тақпақтар.
Абайдың жыл мезгілдеріне арнаған өлеңдері.



Картотека №12

Бақылау: Ая – райын бақылау.

Мақсаты: Ая райындағы өзгерістерді аңғаруға және айтуға үйрету. Желдің бағытын қалай білу керектігін түсіндіру. Өз ойларын толық жеткізе білуге жұмыстану. Адамдардың сыртқы киімдеріне, айналады күстарға көнілдерін аударту.

Қимылды ойындар: «Қасқыр қақпан»

Мақсаты: Ештілікке баулу.

Жеке жұмыс: 3-4 балаға бау байлауды үйрету.

Еңбек. Күмді бір жерге үйіп, үстінен су шашу.

Жұмбақ жасыру. Төңірегі тең көрініп,
Теген жатыр төңкеріліп,
Жас та сыйған, кәрі сыйған,
Астына оның бері сыйған. (аспан)



Картотека №13

Бақылау. Аула сыйырушының еңбегін бақылау.

Мақсаты: Біздің бала бақшаның аула сыйырушысы атайдың еңбек құралдарын көрсере қай қурал не үшін керек екенін айту.

Қимылды ойындар: «Ұстап ал» «Біз көнілді баламыз»

Мақсаты: Ептілікке, шашшандыққа үйрету.

Жеке жұмыс. Көрсетілген белгіге дейін ара қашықтыңда (4 метрдей) тулкісияқты журу.

Еңбек. Жолды тазалау, жаяу адамдар жүретін жолдарды тазалау.

Көркем сез. Еңбек ер ағандырар. (мақал)

Еңбек етсең ерінбей,

Тояды қарның тіленбей.



Картотека №14

Бақылау. Құстарды бақылау.

Түрлерін айыра білуге үйрету.

Мақсаты: Құстардың түрлері де түстері де әртүрлі екен біреуі қара, біреуі ала, біреуі үлкен, біреуі кіші екенін бақылау.

Күмбілды ойындар: «Торгайлар мен мысық» «Кім жылдам?»

Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.

Жеке жұмыс. Кеглидің арасымен жүру.(1-2 баламен)

Еңбек. Телімдегі қағаз қалдықтарды жинау.

Көркем сөз. Ақ көгершін, көгершін,
Қолғанат құс сен едің.
Бар кезіп қайт, ел үшін,
Кең дүниенің көлемін.



Картотека №15

Бақылау: Ауа-райын бақылау.

Мақсаты: Балалар бүгінгі ауа-райы қандай екен. Қандай тамаша күн шуағын төгіп тұр. Ауа-райы жақсы болса біз де таза-ауада көбірек серуендең қайтамыз әңгімелесу.

Кімділді ойындар: «Кім тез атайды?» «Телефон»

Мақсаты: Ештілікке, шапшандыққа үйрету

Жеке жұмыс. 3-4балага пішіндерді айтқызу, ұқастықтарын таба білуге үйрету.

Еңбек. Аула сыйырушыға көмектесу.

Жұмбақ жасыру. Аспанда бір ана бар,
Маңы толған балалар.

(Ай мен жұлдыздар)

Кездеспейді екеуі,

Кек аспанда мекени.

(Ай мен Күн)



Картотека №16

Бақылау. Құстарды бақылау. Түрлерін айыра білуге үйрету.

Мақсаты: Құстардың түрлері де түстері де әртүрлі екен біреуі қара, біреуі ала, біреуі үлкен, біреуі кіші екенін назар салып бақылау.

Қимылды ойындар: «Торғайлар мен мысық» «Кім жылдам?»

Мақсаты: Елтілікке, шапшандыққа үйрету.

Жеке жұмыс. Кеглидің арасымен жүру.(1-2 баламен)

Енбек. Телімдегі қағаз қалдықтарды жинау.

Көркем сез. Ақ көгершін, көгершін,
Қолғанат күс сен едің.
Бар кезіп қайт, ел үшін,
Кең дүниенің көлемін.



Картотека №17

Бақылау: Ағаш жапырақтарының түсін бақылау.

Мақсаты: Ағаш түрлері әртүрлі болса олардың жапырақтарының пішіндері де әртүрлі болады және түстері де әртүрлі қарандаршы жасыл, қызғылт т.б айту.

Қимылды ойындар: «Ормандың аю»«Өз парыңды тап»

Мақсаты: Ептілікке, шапшандыққа үйрету
Жеке жұмыс. Саз сабагындағы өлеңдерді 1-2 балаға айтқызып, қайталату.

Енбек. Телімдегі күмдү көтеру.

Тақпақ оку. Ағаш біткен дірдектеп.

Жапырағын жоқтайды.



Картотека №18

Бақылау. Қайда не өседі? Жеміс- жиدهкің өсетінін бақылау.

Максаты: Балаларға жемістердің көбі ағашта
өсетінін, жиدهкің жерде өсетінін айту. Алма, алмұрт, шие,
жүзім ағашта. Бұлдірген, қарақат жерде өсетінін айту.

Көркем сөз. Мен шиемін шиемін,
Күннің көзін сүйемін.
Мен өрікпін өрікпін,
Айналаға көрікпін.

Жеке жұмыс. Балалардың ішпіндегі естиярларына
жемістердің иісін, дәмін білуді үғындыру, сұрау.

Еңбек. Арамшептерді жұлуга, суаруга баулу.

Қымылды ойын: «Қайсысы жеміс, қайсысы кекеніс?»
«Ұзын жол»



Картотека №19

Бақылау. Аспанды бақылау. (Ол қандай? Күн қалай түседі? Аспанда бұлт көп пе?)

Құмылды ойындар: «Күн мен жаңбыр», «Арқан тартыс»
«Тулкі мен қаздар».

Мақсаты: Ешілкке, шашшандыққа үйрету

Жеке жұмыс: 2-3 балаға аспан денелері туралы түсіндіру
және таныш айтуда үйрету.

Едбек. Телімді сыйыру.

Көркем сөз: Тақпақ жаттау.

Көк аспанға қарасаң

Қызықтар көп орасаң

Күнді өзің білесің

Күнде көріп жүресің.



Картотека №20

Бақылау. Күннің кезін бақылау. Оның шапағына қолдарын созып жылуын байқау, жылы сездер айту, жүректеріне қолдарын апарып, жылуын ез бойларына сінірту. Қандай сезімде болғандарын әңгімелету.

Қимылды ойындар: «Күн мен тұн», «Белгілентен орынға қарай жүгір»

Мақсаты: Елтілікке, шашшандыққа үрету.

Жеке жұмыс. 5-6 баламен ез шығармашылықтарын білдіруге сурет салуга ұсыныс жасау.

Еңбек. Ойын аланындағы ағаш сынықтарын, қағаз қалдығын, әйнек т.б. заттарды жинау.

Көркем сез. 1. Күннің кезін сүйеміз.

Әдептен бас иеміз.

2.Ақ сандығым ашылды,

Ішінен жібек шашылды.



Картотека №21

Бақылау. Темір жол бекетін бақылау. Поездың жолдарын, темір жол деп атайды, езінің тоқтайтын бекеттері бар және сағаттарға байланысты жүретінін балаларға түсіндіру. Поездың езінің бағдаршамы бар қызыл жанса, яғни поездар жақындағы дегенді білдіреді..


Қымылды ойындар: «Көпірден өт», «Темір жолмен жүр»,
Мақсаты: Ешілкікке баулу.

Жеке жұмыс. 2-3 Машинисттер туралы әгімелеу олардың өте жауапты жұмыс екенін түсіндіру.

Еңбек. Өз киімдерін ретімен мұқият киінуге, бауын байлауға жаттықтыру.

Көркем сез. Жұмбақ.

Уш көзді батыр,
Жолды аңдып жатыр (Бағдаршам)





Картотека №22

Бақылау. Ауа-райының өзгешелігін, ерекшелігін бақылау. Түсте және кешке қарай оның өзгеріп отыратынын, жел, жаңбыр, дауылдың да болатынын түсіндіру.

Кимылды ойындар: «Дауыл болыш жүгір», «Секіріп өт».

Мақсаты: дene кимылдарын дамыту.

Жеке жұмыс. 3-4 балаға күннің кезін сүйіп өсетін гүлдерді атау «Кунбагыс», «Күн шапагы» суреттен көрсету.

Енбек. Ойын аланыдағы сынған ағаш қалдықтарын жинастыру. Енбексүйгіштікке баулу.

Көркем сөз. Жұмбақ. Өсіп тұрған бұл не?

Жаз болса жайнап,
Саясында ән салып,
Құстар журген сайран. (ағаш)



Картотека №23

Бақылау. Аулада жүрген күшікті бақылау.

Мақсаты: күшіктің жүгіріп, балаларды көрсө қуанатынын және оның сүйікті тағамы туралы жөнінде, олардың әр уақытта адамдарға көмегінің бар екенін түсіндіру өздерінің үйнегі күшіктері жөнінде әнгіме құарату.

Кімділды ойындар: «ақ сүйек», «Ит пен қойшы».

Мақсаты: Елтілікке баулу.

Жеке жұмыс. **Үй жануарларының** адамдарға пайдасын және соның ішінде күшікті қызықтап, қарайтындары жөнінде әнгімелесу.

Еңбек. Гүлдерге су қую.

Көркем сез. Бип-бип-бип дейді,

Жолдан былай кет дейді.

Күшікті басуға, болмайды.



Картотека №24

Бақылау. Телімдегі жәндіктерді (көбелек, қоңыз) іздеп тауыш, бақылау.

Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серею», «Аққу-каздар».

Мақсаты: Бірігіп ойнауга тәрбиелеу.

Жеке жұмыс. 3-4 балаға көбелектің суретін салуды үйрету.

Еңбек. Телімді тазалау. Құмсалғыштың айналасын жинау.

Жұмбақ жасыру. Ұшқанда өлең айтады,
Қонғанда жер қазады.
Мұны да ойлан көрейік,
Шешуін кім табады? (қоңыз)



Картотека №25

Бақылау. Ойын аланындағы өзгерістерді бақылау.

Мақсаты: Балаларды байқағыштықта және ез ойларын толықтай айта білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту, байланыстырып сейлеуді дамыту. Айнала қоршаған органы қорғауға , бір-біріне көмектесуге тәрбиелу.

Құмылды ойындар: «Мысық пен тышқан»,
«Себетке допты тусір».

Мақсаты: Ептілікке баулу.

Жеке жұмыс: Құмда машинаға арналған автотұрақтар мен көпірлер жасауды үйрету.

Еңбек: Құмды көтеру, бұтақтар мен жапырақтарды жинастыру.

Жұмбақ жасыру. Дөңгеленіп өседі,
Желмен бірге көшеді. (қаңбак)